

158 см, обхват пясти – 20 см. Основной тип выгоден для использования в сельскохозяйственных работах, а также эти типы являются молочными. Обхват груди основных типов лошадей - 187 см, косая длина туловища - 158 см, обхват пясти – 20 см, т. е. аналогична массивному типу. А туловище верховых типовых лошадей нежное, обхват груди-184 см, косая длина туловища-158 см, обхват пясти-19 см, а высота в холке выше остальных типов - 157 см. В связи с этим, верховой тип, наоборот, является легким, и этот тип выгоден для участия в спортивных играх, гонках, так как из-за легкости тела эти кони становятся быстрыми. Верховой тип выращивается в племенном направлении.

ӨОЖ 636.32/38

Абдраманов Қ.Қ., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты

Есқара М.Ә., ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор

Мырзақұлов А., магистр

Досболат Ж.Б., магистр

«Оңтүстік-Батыс мал және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС.
Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚ МЕРИНОСЫ ЖЕЛІЛІК МАЛДАРЫНЫҢ ҰРПАҚ ӨНІМДІЛІГІ

Аннотация

Мақалада биязы жүнді оңтүстік қазақ мериносы желілік малдарының ұрпақтарының өнімділік көрсеткіштері келтірілген. Желілік малдардың төлдері тірілей салмақтары бойынша өздерінің шаруашылық жағдайындағы қатарластарынан асып түседі. Жаңа туған еркек қозылардың орташа тірі салмағы 5,37-5,56 кг шегінде, ал ұрғашы қозылар 4,94-5,1 кг аралығында ауытқиды және будан малдар жергілікті шаруашылық жағдайындағы төлдерден еркектері 0,7-0,9 кг, ұрғашылары 0,5 - 0,7 кг-ға артық.

Енесімен бірге кезеңіндегі қозылар жақсы өсіп, қарқынды дамиды және қозы бөлім уақытында (4,0-4,5 ай) еркек тоқтылардың тірілей салмағы 37,8-39,7 кг, ал ұрғашыларда 34,9-35,2 кг құрады. I және II желі ұрпақтарының өз қатарластарынан басымдылығы еркек тоқтыларда 0,7 кг немесе 2,5%; 0,9 кг немесе 2,6% ал ұрғашыларда тиісінше: 0,5 кг; 2,1%: 0,6 кг, 2,2%.

Жуылған жүн шығымы бойынша I және II желідегі ұрпақтарының көрсеткіштерінің басымдылығы еркек тоқтыларда 0,6 кг немесе 1,06%: 0,3 кг немесе 0,9% ал ұрғашы тоқтыларда бұл көрсеткіштер тиісінше: 0,6 кг; 0,7%: 0,3 кг; 0,6% -ды құрады. Бұл басымдылықтар өсіп-дамудың келесі мезгілдерінде де байқалады. Әр түрлі топографиялық бөліктеріндегі талшық ұзындығын өлшеу көрсеткендей, желілік тоқтылардың бүйіріндегі ұзындығы 9,5-9,8 см аралығында және өздерінің шаруашылық жағдайындағы қатарластарынан 0,3-0,5 см-ге артық .

Түйін сөздер: биязы жүнді қой шаруашылығы, оңтүстік қазақ мериносы, селекция, волгоград қой тұқымы, тірі салмақ, жүн түсімі, жіңішкелігі, жүн ұзындығы, таза жүн шығымы.

Кіріспе. Биязы жүнді қой шаруашылығының басты міндеттерінің бірі - мал өнімділігін арттыру, еттілік қасиеттерін, жүннің технологиялық қасиеттерін жақсарту, асыл тұқымды ұрпақтарды өсіруде заманауи технологияларды пайдалану.

Жоғарыда келтірілген міндеттерге байланысты асыл тұқымды қойлардың санын өсіру, жүннің тауарлық және технологиялық қасиеттерін (біркелкілігі, ұзындығы, қоюлығы, майының сапасы, таза жүн шығымы) жақсарту үшін селекциялық-асылдандыру жұмыстарын жүргізу маңызды.

Бұл мәселелерді шешуде отандық және шетелдік селекциядағы асыл тұқымды қошқарларды пайдалана отырып, таза өсіру және будандастыру жұмыстары жақсы нәтижелер беретіні көптеген ғалымдардың еңбектерінде келтірілген.

Есқара М.Ә т.б. мәліметтері бойынша жергілікті малдардың өнімділігін көтеруге желілік аталық қошқарларды пайдалану оң нәтиже береді. «Етті меринос» тұқымының тектік қасиеттері жоғары қошқарларын Оңтүстік Қазақстан облысының шаруашылықтарындағы оңтүстік қазақ мериносының саулықтарына пайдаланудың нәтижесінде алынған төлдер ірі, тірілей салмағы жоғары, саулықтардың төлдегіштігі 2,5-3,0%-ға ұлғайған, қозыларды анасынан бөлінгенге дейінгі уақыттағы өміршеңдігі 2,7-3,0%-ға артқан [1].

Әжіметов Н.Н және т.б. зерттеулерінде желілік еркек және ұрғашы қозылардың туылғаннан бастап қозы бөлімге дейінгі уақыт аралығындағы тірілей салмағы шаруашылық жағдайындағы қозылардан тиісінше: 0,139; 0,127; 0,87; 0,79 г артық шыққан [2].

Желі бойынша малдарды өсірудің маңыздылығы-тұқымды өсіру мен жетілдірудің ең тиімді әдістерінің бірі, оның құндылығы мыңдаған жануарларды өсіру процесінде өнімді аталық қошқарлардың пайдалы қасиеттерін дамытуға және таратуға мүмкіндік береді, себебі желілік із құру үшін өнімділік қасиеттері ерекше дамыған және осы бағалы қасиеттерін ұрпақтарына толықтай бере алатын еркек асыл тұқымды малдарды табу маңызды. Биязы жүнді қой шаруашылығында олардың асыл тұқымдылығын бағалайтын негізгі көрсеткіштерге: дене бітімі, тірілей салмағы, жүн түсімі мен ұзындығы жататыны белгілі. Осы стандарттық талаптарға жауап бере алатын малдарды шығару жұмыстары барысында оң нәтижеге қол жеткізілді.

Етті-жүнді Волгоград мериносы қой тұқымының өндіруші қошқарларын тиімді пайдалану және алынған ұрпағын одан әрі өсіру нәтижесінде Қазақстанның оңтүстігінде жоғары өнімді, бір-бірімен шаруашылыққа пайдалы белгілерімен айырмашылығы бар, әр түрлі генотипті қошқарлардың 2 аталық желісі шығарылды.

I-ші желі-өте жақсы жүн өнімі бар, ірі денелі малдар. Аталық ізін бастаушы № 65362993 қошқардың сипаттамасы: ұзын жүнді, жуылған жүн шығымы - 56,0%, тірілей салмағы-90,3 кг, жүн түсімі 10,8 кг немесе таза жүн шығымы 5,8 кг, штапельдің биіктігі-11,6 см, жүннің тығыздығы ММ, талшық жіңішкелігі 60 сапалы, шайыры ақ.

II-ші желі- ірі денелі, еттілік формасы жақсы дамыған малдар. Аталық ізін бастаушы № 62362977 қошқар ірі денелі, еттілік қасиеттері жақсы дамыған, тұлғасы берік. Тірілей салмағы-92,5 кг, жүн қырқымы - 9,5 кг немесе таза жүн шығымы 5,1 кг, штапель биіктігі-10,5 см, жіңішкелігі 60 сапа, жүні қалың ММ.

Зерттеу зерзаты мен әдістемесі. Желілік малдардың өнімділігін анықтау, 70 сапалы жіңішке меринос жүнін өндіру және еттілік қасиеттері жақсарған малдарды шығаруға бағытталған селекциялық-асылдандыру жұмыстары мен ғылыми зерттеулер Түркістан облысы, Қазығұрт ауданындағы «Шарбұлақ» ӨК жүргізілді. Бұл жұмыстарда жергілікті биязы жүнді оңтүстік қазақ мериносы қой тұқымының саулықтарын таза тұқымды іріктеу, ұнамды типті таңдау әдістемелерін қолдана отырып, етті-жүнді бағыттағы «Волгоград» мериносы қошқарларымен шағылыстырылды. Жас малдардың өсіп-жетілуі Е.Я. Борисенко әдістемесі бойынша анықталды [3]. Алынған барлық материалдар вариациялық жетілуі статистика әдістерімен өңделді [4].

Зерттеу нәтижелері. Малдың ет өнімділігінің сандық көрінісінің негізгі көрсеткіштері болып табылатын тірілей салмақ көрсеткіштері зерделенді. Желілік малдардан алынған ұрпақтардың жақсы өсіп, дамитыны байқалады, бұл мәліметтерді туылған кезден бір жасқа дейінгі уақыттардағы қозылардың тірілей салмақ динамикасы куәландырады (1 кесте).

1-ші кестедегі деректер бойынша желілік малдардан алынған төлдерінің тірілей салмақтары жоғары болып, өздерінің шаруашылық жағдайындағы қатарластарынан асып түседі. Жаңа туған еркек қозылардың орташа тірі салмағы 5,37-5,56 кг шегінде, ал ұрғашы қозылар 4,94-5,1 кг аралығында ауытқиды және еркектері 0,7-0,9 кг, ұрғашылары 0,5 - 0,7 кг-ға артық.

Енесімен бірге кезеңінде де желі ұрпақтары жақсы өсіп, қарқынды дамитыны байқалады. Қозы бөлім уақытында (4,0-4,5 ай) еркек тоқтылардың тірілей салмағы 37,8-39,7 кг, ал ұрғашыларда 34,9-35,2 кг құрады ал шаруашылық жағдайындағы қатарластарында тиісінше: 34,4;31,8 кг. Ғылыми зерттеулер көрсеткендей малдардың салмақ қосуы, негізінен 4,0-4,5 айға дейін қарқынды болып, содан кейін деңгейінің біртіндеп төмендейтіні белгілі. Алайда алынған мәліметтер бойынша екінші желідегі еркек тоқтылар бір жасар мезгілде еттік формасы жақсы

жетілген, ұзын дене тұрқымен, кең кеуделігімен, берік тұлғасымен, жоғары салмағымен (64,8кг) ерекшеленеді. 12 айлық жасында желілік еркек тоқтылар салмақ қосу, салыстырмалы және үдемелі өсу қарқындылықтары бойынша шаруашылық жағдайындағы қатарластарынан жоғары болып, 3,8-5,6 кг-ға артық болды.

1 кесте - Желі ұрпақтарының тірілей салмақтарының динамикасы. (n = 30; Σn = 180)

| Мал топтары | жынысы | Тірілей салмақтары, кг | | |
|--------------------------------------|--------|--------------------------|---------------------------------------|-------------------------------|
| | | Туылған кезде, кг M±m | Енесінен бөлу уақытында, кг M±m | Бір жасар мезгілде, кг M±m |
| I-ші желі | ♂ | 5,37±0,14 | 37,8±0,04 | 63,0±0,55 |
| | ♀ | 4,94±0,66 | 34,9±0,41 | 47,3±0,29 |
| II-ші желі | ♂ | 5,56±0,73 | 39,7±0,10 | 64,8±0,64 |
| | ♀ | 5,1±0,14 | 35,2±0,65 | 49,8±0,71 |
| Шаруашылық жағдайындағы малдар | ♂ | 4,66±0,18 | 34,4±0,5 | 59,2±0,63 |
| | ♀ | 4,42±0,70 | 31,8±0,17 | 42,7±0,31 |

Бұдан шығатын қорытынды желілік ұрпақтардың басым бөлігіне гетерозиготтық тұқымға тән ерекше құбылыс беріліп өнімділік пен нәсілдік қасиеттері артқан.

Желілік жас малдардың жүн түсімі, жуылған жүн шығымы, талшық ұзындығы сияқты жалпы жүн өнімділігі зерттелді (2 кесте).

2 кесте – Жүн өнімділігі көрсеткіштері (N = 30; Σn = 180)

| Мал топтары | жынысы | Жүн түсімі, кг M±m | Таза жүн шығымы, кг M±m | Жуылған жүн, % | Талшық ұзындығы, см | |
|--------------------------------------|--------|-----------------------|-------------------------------|-------------------|------------------------|--------|
| | | | | | бүйірі | арқасы |
| I-ші желі | ♂ | 6,5±0,24 | 3,59±0,27 | 55,3 | 9,6 | 8,6 |
| | ♀ | 5,5±0,36 | 2,97±0,33 | 54,0 | 9,8 | 8,7 |
| II-ші желі | ♂ | 6,0±0,39 | 3,30±0,41 | 55,0 | 9,5 | 8,5 |
| | ♀ | 5,0±0,51 | 2,65±0,46 | 53,0 | 9,7 | 8,6 |
| Шаруашылық жағдайындағы малдар | ♂ | 5,5±0,42 | 2,97±0,40 | 54,0 | 9,3 | 8,3 |
| | ♀ | 4,4±0,29 | 2,28±0,37 | 52,0 | 9,4 | 8,4 |

2 кесте мәліметтеріне сүйене отырып, желілік малдардан алынған ұрпақтарының жүн өнімділігін сипаттайтын болсақ, жүн түсімі, таза жүн шығымы көрсеткіштері бойынша жақсы нәтиже I –ші желі ұрпақтарының еркек тоқтылары алда екені байқалды. (6,5 кг; 3,59 кг;) ал II-ші желі тобындағы малдар орташа көрсеткіштерге ие (6,0 кг; 3,30 кг).

Жуылған жүн шығымы бойынша I және II желідегі ұрпақтарының көрсеткіштерінің басымдылығы еркек тоқтыларда 0,6 кг немесе 1,06%; 0,3 кг немесе 0,9% ал ұрғашы тоқтыларда бұл көрсеткіштер тиісінше: 0,6 кг; 0,7%; 0,3 кг; 0,6% -ды құрады. Әр түрлі топографиялық дене бөліктеріндегі талшық ұзындығын өлшеу көрсеткендей, желілік тоқтылардың бүйіріндегі ұзындығы 9,5-9,8 см аралығында және өздерінің шаруашылық жағдайындағы қатарластарынан 0,3-0,5 см-ге артық. Жоғары да айтылған ерекшеліктердің бәрі бұл саланы қарқынды дамытып, халықты жүн өнімімен қамтамасыз етуде шешуші роль атқарады.

Жүргізілген жұмыс ет және жүн өнімділігі жоғары, бағалы генотипті желілік аталық қошқарларды анықтауға мүмкіндік береді. Анықталған жануарлардың бағалы биологиялық ерекшеліктерін ұтымды пайдалану Қазақстанның оңтүстігінде биязы жүнді қойлардың жүн және ет өнімділігін жақсартудың үлкен қоры болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Есқара М.А., Абдраманов Қ.Қ., Қосауова А.Қ., Мақұлбекұлы Б. Отандық және шетелдік селекциялық қошқарларды ОҚМ – ның өнімділігін жақсарту жұмыстарында пайдалану нәтижелері // ҚР конституциясының 20 жылдығына арналған «Жоғарғы оқу

орындарында элеуметтік- гуманитарлық пәндерді оқытудың заманауи инновациялық бағыттары»: Республ. ғылыми тәжір. Конф. еңбектер жинағы. – Шымкент, 2015. – Б. 284-285

2. Ажиметов Н.Н., Паржанов Ж.А. Селекционно-генетические основы повышения продуктивности тонкорунных овец породы южноказахских мериносов. - Шымкент: Әлем, 2014. - С. 14-16

3. Борисенко Е.Я. Разведение сельскохозяйственных животных. – М.: Колос, 1967. –С. 46 -440.

4. Плохинский Н.А. Руководство по биометрии для зоотехников. – М.: Колос, 1969. – 256 с.

РЕЗЮМЕ

Молодняк, полученный от линейных животных, хорошо растет и развивается, о чем свидетельствует динамика живой массы баранчиков от рождения до годовалого возраста.

Ягнята обеих линий превосходят своих нелинейных сверстников по живой массе. Средняя живая масса новорожденных линейных баранчиков колеблется в пределах 5,37-5,56 кг, а ярочек 4,94-5,1 кг, что по баранчикам на 0,7-0,9 кг больше и по ярочкам на 0,5-0,7 кг больше чем нелинейные аналоги. В подсосный период ягнята росли и развивались довольно интенсивно и к отъему от матерей (4,0-4,5 месяца) живая масса баранчиков составила 37,8—39,7 кг, а ярочек 34,9-35,2 кг. Превосходство молодняка первой и второй линии над нелинейными составляет по баранчикам 0,7 кг или 2,5%; 0,9 кг или 2,6%, а по ярочкам 0,5 кг или 2,1%; 0,6 кг или 2,2%.

Превосходство по настригу мытой шерсти молодняка первой и второй линии составило по баранчикам 0,6 кг или 1,06%, 0,3 кг или 0,9%, а по ярочкам 0,6 кг или 0,7%; 0,3 кг или 0,6%. Эти преимущества сохраняются и в следующие возрастные периоды. Результаты измерения длины шерсти на разных топографических частях показали, что основная часть руна в области бока составляет от 9,5 до 9,8см. Данные преимущества сохраняются и в следующих возрастах, которые объясняются тем, что длина волоса линейных животных на 0,3-0,5 см и 0,4 см больше чем нелинейные аналоги.

RESUME

Young animals obtained from linear animals grow and develop well, as evidenced by the dynamics of the live weight of rams from birth to one year of age.

Lambs of both lines outnumber their non-linear peers in living mass. The average live weight of newborn linear rams fluctuates in the range of 5.37-5.56 kg, and 4.94-5.1 kg of sheep, which is 0.7-0.9 kg more for rams and 0.5-0.7 kg more for lambs than non-linear analogues. In podsosnyy period lambs grew and evolved quite intensively and to otemu from mothers (4,0-4,5 month) going to hear live mass rams amounted to 37,8-39,7 kg, and lambs 34,9-35,2 kg. The superiority of the young of the young of the first and second line over the non-linear ones is 0.7 kg or 2.5%; 0.9 kg or 2.6% and 0.5 kg or 2.1% for the yarns; 0.6 kg or 2.2%.

Superiority on productivity the washed wool of young growth of the first and second line makes on rams 0,6 kg or 1,06% 0,3 kg or 0,9%, and on lambs 0,6 kg or 0,7%; 0,3 kg or 0,6%. These advantages remain in the following age periods. The results of measuring the length of wool on different topographic parts showed that the main part of the fleece in the side is from 9.5-9.8 cm. These advantages are preserved in the following ages, which is explained by the fact that the length of the hair of linear animals is 0.3-0.5 cm and 0.4 cm more than non-linear analogues.